

«Бір ел – бір кітап»

Лебяжі аудандық орталықтандырылған кітапханасында «Бір ел - бір кітап» акциясы аясында әдеби кеш өтті. Шара XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін жаңа биікке көтеріп, заманының шындығын жан-жақты бейнелеген ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылығына арналды.

Әдеби кешке С.Торайғыров атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың бөлім басшылары, ұстаздар мен оқушылар, кітапхананың тұрақты оқырмандары қатысты. Ұйымдастырушылардың айтуынша, акция ақынның шығармашылығын насихаттау, есімін ел есінде сақтау, еліміздің ұлы перзенттерін ұлықтау, көркемсөз шеберлерін жұртшылыққа таныстыруға мүмкіндік тудыруды көздейді.

Кеште қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, аққан жұлдыздай зымырап, өмірден ерте кеткен өршіл ақын С.Торайғыровтың өмірі мен шығармашылығы жайында мол мағлұматтар айтылып, көрермендер назарына «Асыл арман жаршысы» атты бейнефильм ұсынылды. Сондай-ақ, жиналғандар «Секілді өмір қысқа жарты тұтам» атты ақынның алғашқы өлең желісімен сахналық қойылым тамашалады.

Кітапхана оқырмандары Бердімұрат Сейфолла мен Тілеген Айбек ақынға арнауларын оқыса, мектеп оқушылары ақынның өлеңдерін нақышына келтіріп оқыды. Шара Ардабек Мирастың орындауындағы «Жаным қазақ» өнімен аяқталды.

М.АМАНТАЙ.